

Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі Сағашилі ауылына көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 19 шешімі. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 1 желтоқсанда N 3-9-81 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 02.05.2018 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Еңбек ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып Сағашилі ауылының көшесіне Достық атауы берілсін.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Еңбек ауылдық
округінің әкімі*

Ғ. Байланов